

Аты-жөні: Данкан Пристли

Лауазымы: Институционалдық тиімділік жөніндегі бас директор, Провост офисі

Доктор Данкан Пристли Назарбаев университетінде Провост офисінің академиялық сапаны арттыру жөніндегі басшы ретіндегі қызметін 2013 жылдың қазан айында бастаған. Қазіргі таңда ол инновациялық оқыту, академиялық бағдарламалардың сапасын арттыру және қамтамасыз ету, институционалды зерттеулер, және де институционалдық бағалау/аккредитация бағыттарын қадағалайды. Сонымен қатар, доктор Данкан Пристли Инженерия мектебінде Академиялық сұрақтар жөніндегі вице-декан қызметін атқарды.

Доктор Пристли Ливерпуль университетінің «Геология» мамандығы бойынша бакалавр дәрежесін иемденген (үздік бағамен тамамдады); білім беру саласындағы магистр дәрежесіне ие; сонымен қатар, Халл университетінің акустикалық океанография саласындағы ғылым докторы дәрежесін иемденген. Ұлыбританияның университеттерінде 20 жыл қызмет еткеннен кейін доктор Пристли 3 жыл бойы БАӘ-нің Әскери-теңіз академиясында қауымдастырылған декан ретінде қызмет атқарды.

Доктор Пристли Плимут университетінің океанография саласындағы зерттеулер және білім орталығының іргесін қалаушыларының бірі болып табылады. Оның ғылыми зерттеулері мұхиттың майда су аймақтарында акустиканы қолдану саласына арналған. Доктор Пристлидің ғылыми қызығушылықтарына оқыту, білім алу және академиялық сапамен қамтамасыз ету мәселелерін әлемдік тұрғыдан зерттеу салалары жатады.